

1. БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫНЫҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Таңдау компоненті - 1

MSP 705/1 Ғылыми зерттеулердегі сандық-сапалық анализдер

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: MSP 705/1

Модуль атауы: Әдіснама және филологияның ғылыми басымдықтары

Пререквизиті: ORW 702 Ғылыми зерттеу әдістері

Мақсаты: Сандық және сапалық зерттеулердің негізгі принциптерін түсіну. Сандық және сапалық зерттеу жобаларын ажырата алу. Зерттеудің екі түрі үшін де деректерді жинау әдістері бойынша дағдыларды дамыту. Сандық және сапалық деректерді алу үшін тиісті деректерді талдау әдістерін қолдану. Ғылыми зерттеулерді сыни тұрғыдан бағалау және олардың күшті жақтары мен шектеулерін мойындау. Зерттеу нәтижелерінің тиімді берілуін көрсету.

Қысқаша сипаттамасы: Бұл пән бойынша білім алушы сандық және сапалық зерттеу әдістерінің түрлерін толыққанды меңгеріп шығады. Деректерді жинау әдістері; деректерді жинау этикасы; терең сұқбат, жартылай ресми сұқбат, сараптамалық сұқбат, фокус-топтық пікірталастар, бақылау, эксперимент; ғылыми зерттеулердегі сандық және сапалық зерттеу әдістерінің қолданылуы мен айырмашылығы; сапалық зерттеулердегі кейс-стади; сандық зерттеу әдістері; Jamovi, SPSS қосымшасымен жұмыс жасау; Т-тест, корреляция, дескриптивтік талдау, регрессия, Linear регрессия, факторлы анализ, АНОВА, парето анализі т.б. тақырыптар қамтылған.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5 – Тұлғааралық коммуникация, лингвистикалық және әдеби мәтінді талдауға байланысты білім негіздерін тәжірибеде қолданады.

БОН 7– Өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында іргелі отандық және шетелдік ғылым жетістіктеріне талдау жасап, қолданады.

БОН 8 – Ғылыми жұмыс жүргізу әдістері мен құралдарын біледі, зерттеу жұмыстарын дайындауда және оның нәтижелерін өңдеуде қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН-1 - Сыни тұрғыдан ойлау және аналитикалық дағдылар: олар ғылыми зерттеулерді сыни тұрғыдан бағалай білуі, әдіснамалық күшті және әлсіз жақтарын анықтай білуі және әртүрлі зерттеу әдістерінің орындылығы туралы негізделген шешімдер қабылдай алады.

ПОН-2 - Деректерді жинау және талдау: деректерді жинау және талдау әдістері, соның ішінде тиісті бағдарламалық жасақтаманы қолдану дағдылары қалыптасады.

ПОН -3- Этикалық ойлар: білім алушы зерттеуге қатысты этикалық ойлар туралы түсінікке ие болуы керек, соның ішінде ақпараттандырылған келісім алу, қатысушылардың жеке өмірін қорғау және біржақтылықтан аулақ болу.

ПОН-4 - Нәтижелерді тиімді беру: білім алушы өз зерттеулерінің нәтижелерін жазбаша және ауызша форматта анық, қысқа және тиімді түрде ұсына алуы керек.

Постреквизиті: MSP 703/2 Грамматикадағы жаңа бағыттар

Таңдау компоненті – 1

MSP 705/2 Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелері

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: MSP - 2

Модуль атауы: Әдіснама және филологияның ғылыми басымдықтары

Пререквизиттері: 703/2 Әдебиеттанудың жаңа тенденциялары мен бағыттары.

Мақсаты: докторанттардың әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық ұстанымдары мен ғылыми негіздері аясында зерттеу жүргізуін қамтамасыз ететін құзіреттіліктер қалыптастыру. Әдебиет тарихын дәуірлеудің ғылыми критерийлері. Географиялық, тарихи, тарихи-салыстырмалы, аналитикалық тәсілдер. Әдебиет тарихын дәуірлеудің гетерогенді, тарихи-

азаматтық, хронологиялық ұстанымдары. Жанрлық принциптер. Дәуірлерді бағыттар мен ағымдар тұрғысынан жіктеу.

Қысқаша сипаттамасы: Теориялық білімді тереңдету, әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық ұстанымдары мен ғылыми негіздерін айыра білу; әдебиет тарихын дәуірлеудің ғылыми критерийлерін саралау; Дәуірлерді бағыттар мен ағымдар тұрғысынан жіктеу жолдарын қарастыру.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 3–Жаһандану мен интеграция жағдайында отандық ғылым дамуының заманауи үрдістерін, бағыттары мен заңдылықтарын, ғылыми танымның әдіснамасын, әлемдік және қазақстандық ғылым жетістіктерін сараптайды.

БОН 4 – Әртүрлі ғылым шеңберінде алған білімдерін кіріктіріп, зерттеушілік, эмоционалды және әлеуметтік интеллектісін, кәсіпкерлік дағдыларын дамытады.

БОН 6–Филология ғылымындағы концепция, теория мен бағыттарға, құбылыстар мен үдерістерге сыни тұрғыдан талдау жасай алады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Коммуникативтік дағдылары дамиды;

ПОН 2 – Әдеби құбылыстардың заңдылықтары туралы теориялық білім қалыптастырылады, оны тәжірибе жүзінде және ғылыми-зерттеу жұмысында қолдана білу қабілеті артады;

ПОН 3 – Негізгі ережелер мен тұжырымдамаларға филологиялық талдау жасайды, ғылымның дамуына сәйкес ережелер мен тұжырымдарға сын көзімен қарауға үйренеді.

Постреквизиті: жоқ

2. БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛЫНЫҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Таңдау компоненті -1

MSP 703/1 Грамматикадағы жаңа бағыттар

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: MSP - 2

Модуль атауы: Әдіснама және филологияның ғылыми басымдықтары

Пререквизиті: ORW 702 Ғылыми зерттеу әдістері

Мақсаты: қазақ тілінің салалалары бойынша алған білімдерін жаңа бағыттар аясында қайта зерделеу нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмысында қолдануға машықтандыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән қазақ грамматикасының ерекшеліктерін құрылымдық-жүйелік бірлікте функционалды тұрғыда зерттейді. Функционалды коммуникативті грамматиканың негізгі бөлімдері, ғылыми зерттеуді жүзеге асыру үшін қолданылатын лингвистикалық талдау әдістері, фактілерді тілдік талдау және функционалдық аспектіде түсіндіру алгоритмі қарастырылады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 - Ғылым дамуының негізгі принциптерін, тіл білімі мен әдебиеттанудың жаңа бағыттарын біледі.

ОН 3 - Жаһандану мен интеграция жағдайында отандық ғылым дамуының заманауи үрдістерін, бағыттары мен заңдылықтарын, ғылыми танымның әдіснамасын, әлемдік және қазақстандық ғылым жетістіктерін сараптайды.

ОН 4 - Әртүрлі ғылым шеңберінде алған білімдерін кіріктіріп, зерттеушілік, эмоционалды және әлеуметтік интеллектісін, кәсіпкерлік дағдыларын дамытады.

ОН 6 - Филология ғылымындағы концепция, теория мен бағыттарға, құбылыстар мен үдерістерге сыни тұрғыдан талдау жасай алады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Тіл біліміндегі жаңа бағыттарды біледі.

ПОН 2 – Зерттеу жұмысын жаңа бағыттармен байланыстырады.

ПОН 3 – Тілдік құралдардың функциясын әр түрлі ортада коммуникацияда еркін қолдана алады.

ПОН 4 – Қазақстандық ғалымдардың еңбектерін шетелдік ғалымдардың осы бағыттағы ізденістерімен салыстырады, қорытынды жасайды.

Постреквизит: MSP 705/1 Ғылыми зерттеулердегі сандық-сапалық анализдер.

Таңдау компоненті -1

MSP 703/2 Әдебиеттанудың жаңа тенденциялары мен бағыттары

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: MSP - 2

Модуль атауы: Әдіснама және филологияның ғылыми басымдықтары

Пререквизиті: ORW 702 Ғылыми зерттеу әдістері

Мақсаты: докторанттардың әдебиеттанудың жаңа тенденциялары мен бағыттары, теориялық ұстанымдары мен ғылыми негіздері аясында зерттеу жүргізуін қамтамасыз ететін құзіреттіліктер қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы:

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі келелі мәселелерін жан-жақты талдау, түсіндірумен қатар, оларды соңғы жылдары жарық көрген монографиялармен, зерттеу мақалалармен таныстыру, мәнді маңызды еңбектерді конспектілеу, бүгінгі әдебиеттану бағытын аңғартатын пікірлермен, негізгі идея, басты ағымдарды түсіндіру, өзара салыстыру, алда тұрған өзекті мәселелерді айқындау, зерттеудің жаңа әдістемелері мен әдіс-тәсілдерін іздестіру болып табылады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН)

БОН1 – Ғылым дамуының негізгі принциптерін, тіл білімі мен әдебиеттанудың жаңа бағыттарын біледі.

БОН3–Жаһандану мен интеграция жағдайында отандық ғылым дамуының заманауи үрдістерін, бағыттары мен заңдылықтарын, ғылыми танымның әдіснамасын, әлемдік және қазақстандық ғылым жетістіктерін сараптайды.

БОН4 – Әртүрлі ғылым шеңберінде алған білімдерін кіріктіріп, зерттеушілік, эмоционалды және әлеуметтік интеллектісін, кәсіпкерлік дағдыларын дамытады.

БОН6–Филология ғылымындағы концепция, теория мен бағыттарға, құбылыстар мен үдерістерге сыни тұрғыдан талдау жасай алады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН)

ПОН 1 – Коммуникативтік дағдыларды дамыту қабілеті;

ПОН 2 – Өзін-өзі дамытуға, біліктілікті және шеберлікті көтеруге ұмтылу;

ПОН 3 – Өзіндік жетістіктер мен кемшіліктерді сыни бағалай білу және кемшіліктерді жоюдың, ары қарай дамудың жолын таңдай білу;

ПОН 4 – Функционалды сауаттылық қалыптастыру, алған білімді тәжірибе жүзінде және ғылыми-зерттеу жұмысында қолдана білу қабілеті;

ПОН 5 – Ақпараттарды қабылдауға, талдауға, жалпылауға қабілеттілік;

ПОН 6 – Тілдік құбылыстардың заңдылықтары мен үрдістері туралы біртұтас түсінік қалыптастырып, кәсіби қызметте қолдана алу;

ПОН 7 – Негізгі ережелер мен тұжырымдамаларға филологиялық талдау жасау, ғылымның дамуына сәйкес ережелер мен тұжырымдарға сын көзімен қарау қалыптасады.

Постреквизиті MSP 705/2 Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелері